

**2025 жылға арналған мемлекеттік қызмет көрсету
саласындағы қызметі туралы есеп .**

1. Жалпы ережелер

1) Қызмет көрсетушілер туралы мәлімет

Білім беру саласындағы мемлекеттік қызметтер «Ақмола облысы білім басқармасының Егіндікөл ауданы бойынша білім бөлімі Көркем ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі арқылы көрсетіледі.
Құқықтық мекенжайы: Қазақстан Республикасы 020606 Ақмола облысы Егіндікөл ауданы Алакөл ауылдық округі Көркем ауылы Көркем көшесі 17 ғимарат

2) Мемлекеттік қызметтер туралы ақпарат

Көркем ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 9 мемлекеттік қызмет көрсетіледі.

2025 жылы Көркем ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 41 мемлекеттік қызмет көрсетті.

Оның ішінде:

- электрондық үкімет порталы арқылы – 10 мемлекеттік қызмет;

«Азаматтарға арналған Үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы – 0 мемлекеттік қызмет;

- қызмет көрсетушінің канцеляриясы арқылы – 0 мемлекеттік қызмет;

- қызмет көрсетушінің ақпараттық жүйелері арқылы электрондық түрде – 31 мемлекеттік қызмет.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден негізделген бас тартулар 0 өтініш бойынша берілген, оның ішінде: 0 – электрондық форматта және 0 – қағаз форматында. Білім саласындағы барлық мемлекеттік қызметтер тегін көрсетіледі.

3) Ең сұранысқа ие мемлекеттік қызметтер туралы ақпарат

Білім беру саласындағы ең сұранысқа ие мемлекеттік қызметтер мыналар болып табылады:

- «Бастауыш, негізгі жалпы және жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау»;

- «Мектептерде белгілі бір категориядағы оқушылар мен тәрбиеленушілерге тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды қамтамасыз ету»;

- «Мектепке дейінгі жастағы балаларды (6 жасқа дейін) мектепке дейінгі ұйымдарға орналастыру үшін кезекке қою»;

- «Құжаттарды қабылдау және қызмет көрсету бағытына қарамастан білім беру ұйымдарына бастапқы, негізгі жалпы және жалпы орта білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау».

2. Қызмет алушылармен жұмыс

1) Ақпарат көздері мен оған қол жеткізу орындары туралы мәліметтер

Қызмет алушыларға қажетті барлық ақпарат білім басқармасының ресми интернет-ресурсында орналастырылған: <http://korkem-egin-akm.edu.kz>

«Мемлекеттік қызметтер» бөлімінде мемлекеттік қызмет көрсету ережелері жарияланған. Сонымен қатар ұйымда ресми интернет-ресурстарда және ақпараттық стендте мемлекеттік қызмет көрсету ережелері орналастырылған. Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы жұмыс істейді.

2) Транспаренттілікті қамтамасыз ету шаралары
2025 жылы ұйымдар 7 түсіндіру іс-шараларын өткізді, соның ішінде ресми интернет-беттерде 7 жарияланым өткізілді. Халыққа мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі туралы ақпаратты БАҚ және қызметті көрсетушілердің интернет-ресурстары арқылы жеткізу жүргізіледі.

3. Мемлекеттік қызметтерді көрсету процесін жетілдіру қызметі

Ағымдағы сыбайлас жемқорлық қаупін азайту және мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында ұйымда Akmola.kz бірыңғай ақпараттық жүйесі арқылы жұмыс істейді. Мектепте мемлекеттік қызметтерді қажетті компьютерлік техникамен қамтамасыз етілген 2 қызметкер көрсетеді.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау

1) Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша қызмет алушылардың шағымдары туралы ақпарат 2025 жыл ішінде білім беру саласындағы мемлекеттік қызметтер көрсетуге қатысты шағымдар келіп түскен жоқ.

2) Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын ішкі бақылау нәтижелері
Ішкі мемлекеттік бақылау мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау шаралары мен мониторинг түрінде жүзеге асырылады.

3) Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын қоғамдық мониторинг нәтижелері
2025 жылға арналған қоғамдық мониторинг нәтижелеріне сәйкес «Ақмола облысы білім басқармасының Егіндікөл ауданы бойынша білім бөлімі Көркем ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде ескертулер жоқ.

5. Мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын арттыру перспективалары

Қызметтің тиімділігін және тұтынушылардың қанағаттануын арттыру мақсатында келесі міндеттер белгіленді:

- Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарын қатаң сақтау;
- мемлекеттік қызмет көрсету ережелерінің қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- электрондық үкімет порталы арқылы өтініштердің үлесін арттыру;
- қызметкерлердің біліктілігін көтеру;
- мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын ішкі мемлекеттік бақылауды жүргізу.

Мектеп директоры



Мухамедиярова Ш.Ж